

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 сәуірде № 32243 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12894 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы";

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 43-1) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Қоса беріліп отырған Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық

теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі*

С. Нурбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

_____ А. Гиният

2023 жылғы " ____ "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Оралов

2023 жылғы " ____ "

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі 2023 жылғы 5 сәуірдегі
№ 144 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің

Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары

1. Осы Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 43-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейін білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) білім алушылар – студенттер, магистранттар және даярлық бөлімдерінің тыңдаушылары;

2) жол жүру өтемақысы – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бөлігін өтеу үшін берілетін ақшалай төлем;

3) өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар - республикалық бюджет есебінен жоғары білімді мамандар даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдары.

3. Жол жүру өтемақысы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен төленеді.

4. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жыл сайын республикалық бюджеттің жобаларын әзірлеу кезінде білім алушыларға жол жүру үшін ақшалай өтемақыларды төлеуге арналған қаражатқа қажеттілік есебін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

5. Жол жүруге өтемақы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың мынадай санаттарына төленеді:

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне, магистранттарына жылына екі рет қысқы және жазғы каникул кезеңінде 4 еселенген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына – жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне – жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

6. Білім алушыларға жол жүру өтемақыларын төлеуді өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар жыл сайын ақпан және маусым айларында қаражатты білім алушылардың карт-шотына аудару жолымен немесе қолма-қол төлемдермен жүргізеді.